ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 09 қараша №7119-23-00-2/12440 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев,
сот отырысының хатшысы Е.Қ.Бөріхан,
ашық сот отырысында ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«ProMedical» атты жеке кәсіпкер Нина Ивановна Ващейкина

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі А.Б.Серимбетова,
аудармашы Д.Е.Саметаева;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 25 тамызда «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ) мен «ProMedical» атты жеке кәсіпкер Нина Ивановна Ващейкина (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №674 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖК шартының талаптарына сәйкес орындаушы ретінде 2023 жылдың 17 қыркүйегіне дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 2 550 000 теңге құрайтын тауар – 15 дана ылғалдағышы бар флоуметрлерді жеткізуге, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауардыы қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.01.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 01.02.2024

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес жұмыстарды орындамаған, бұл факт жасалған рекламациялық актімен дәлелденеді.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдады және оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері істің қаралатын орны мен уақыты туралы тиісінше хабардар етілгенімен, сот отырысына келген жоқ, соған байланысты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабына сәйкес сот істі олардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Сонымен қатар, талап қоюға ұсынған пікірге сәйкес қазіргі уақытта техникалық сипаттамаға сәйкес келмеген тауарды ауыстыру жұмыстары жүргізуде.

Талап қоюшының өкілін тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерделей отырып, сот келесіге келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 25 тамызда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылдың 17 қыркүйегіне дейін.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Осыған орай, 2023 жылдың 19 қазанында тараптар арасында шарт бұзылған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзғандығын анықтады.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 16.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.01.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 01.02.2024
7119-23-3-1/12310

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының «ProMedical» атты жеке кәсіпкер Нина Ивановна Ващейкинаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

«ProMedical» атты жеке кәсіпкер Нина Ивановна Ващейкина мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ProMedical» атты жеке кәсіпкер Нина Ивановна Ващейкинадан мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.01.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 01.02.2024

7119-23-3-1/12310